

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты»// Егемен Қазақстан, - 29 қаңтар 2012.

2 Қазақстан Республикасының статистика жинағы, Астана, 2011.

СОСТОЯНИЕ ОТРАСЛЕЙ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА КАЗАХСТАНА И ПРОГРАММ РАЗВИТИЯ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА

М.К. Камысбаев

В статье рассмотрено состояние отраслей сельского хозяйства Казахстана и программ развития агропромышленного комплекса. Проведен анализ статистических данных аграрного сектора. Рассмотрены основные государственные программы развития агропромышленного комплекса Казахстана.

CONDITION OF BRANCHES OF AGRICULTURE OF KAZAKHSTAN AND PROGRAMS OF DEVELOPMENT OF AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX

M.K. Kamysbayev

In article the condition of branches of agriculture of Kazakhstan and programs of development of agro-industrial complex is considered. The analysis of statistical data of agrarian sector is carried out. The main state programs of development of agro-industrial complex of Kazakhstan are considered.

ӘОЖ 631.10.10

М.Қ. Қамысбаев

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация Қазіргі ауылшаруашылық мекемелерінің қаржылық жағдайы мемлекет тарапынан көмекті қажет етеді. Осыған байланысты ауылшаруашылық мекемелерін несиелеу және салық салу мәселелерін қарастыру, АӨК қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері туындайды. Осы тұрғыда агроөнеркәсіптік өндірісті реттеудің тиімді жүйесін қалыптастыру мәселесі ерекше ауқым алады, ол өз кезегінде аграрлық секторға қаржы түсірудің жаңа мүмкіндіктерін анықтайды.

Кілт сөздер: ауыл шаруашылығы, агроөнеркәсіп кешені, қаржылық тұрақтылық, мемлекеттік бағдарлама, жалпы шығындар, республикалық бюджет, жергілікті бюджет.

Кіріспе Қазіргі жағдайда мемлекеттің қабылдаған шаралары аграрлық нарықтың негізгі субъектілері арасындағы экономикалық қатынасты реттеу жүйесінің тиімділігін көрсетпейді. Сонымен қатар осы тақырып бойынша зерттеу ауқымдығы аймақтық АӨК тиімділігі мен тұрақтылығын тиімді көтеру жолдарын ерекше

маңыздылығының нақты дайындамасын, аграрлық өндірістің рационалды дамуының альтернативті бағыттарын іздестіруін, біртұтас алғанда ауыл шаруашылығының экономикалық жағдайын жақсарту механизмін жетілдірудің маңыздылығын қамтамасыз етеді. Бұл аймақтық АӨК реттеудің экономикалық жағдайын жетілдіру және дамытуға бағытталған, нарықтық экономикаға бет алған әлеуметтік құрылымдарды жүзеге асыру механизмін құру мен әлеуметтік экономикалық шаралар кешенін жасайды.

Қазақстандағы тауар өндірушілер салық салудың жеңілдетілген түрі бойынша жұмыс жасайды, өсімдіктің жұқпалы ауруларымен күрес бойынша шаралар жүргізіледі, асыл тұқымды малдардың, минералды тыңайтқыштардың, өнімдердің бағасы арзандатылды, ауылшаруашылық техника лизингі бағдарламасы жұмыс жасайды, мал шаруашылығы өнімі мен мемлекеттік астық сатып алу, серіктестік несиелік жүйесі арқылы несиелеу жүйесі бойынша пилотты жоба енгізілуде, сонымен қатар, «ҚР мемлекеттік агроөндірістік бағдарламасы» және «2004-2010 ж.ж. ҚР ауылдық аймақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» жүзеге асырылды [1].

Ал енді ауыл шаруашылығы өндірісін қаржыландыру барысына келетін болсақ, бұл өз кезегінде бірқатар қаржылық құралдардың тиімді қолдануына байланысты анықталады.

Тиімділікке баға және қаржылау-несиелеу механизмі қатынасының, салық және сақтандыру жүйесінің, АӨК инвестициялау мен бюджеттік қолдау көрсетудің бірқалыптылығы кезінде ғана қол жеткізіледі.

Қазақстандағы АӨК реформалауда шетел тәжірибесін есепке алу оны сол қалпы көшірмелеуді білдірмейді. Отандық АӨК бар жетістіктерге әлемдік аграрлық өндірістегі барлық тиімді және жақсыны синтездеу қажет.


Қазақстан елінде 2008 жылы 2009-2011 жж арналған ҚР агрөнөркәсіптік кешенің тұрақты дамуының кешенді іс-шаралары қабылданды. Осы іс-шараларға сәйкес агроөнөркәсіптік кешенде ауқымды мәселелер шешілді.

2009-2011жж арналған ҚР агрөнөркәсіптік кешенің тұрақты дамуының кешенді іс-шаралары көрсеткіштері бойынша 2009-2011 жж бюджеттен бөлінетін қаражаттарды көлеміне келетін болсақ, жалпы шығындар 2009 жылы 117583,5 млн теңге болса, 2011 жылы 133482,7 теңгеге өскен немесе жалпы өсім 13,5 пайызды құрайды (1 кесте). Сонымен қатар, республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінетін қаражаттар көлемі де тиісінше 10,1 және 8,5% өскен.

1-кесте. 2009-2011жж арналған ҚР агрөнөркәсіптік кешенің тұрақты дамуының кешенді іс-шаралары (млн теңге)

Көрсеткіштер атауы	2009	2010	2011	2011 ж. 2009 пайыздық қатынаста
Жалпы шығындар	117 583,5	131 263,1	133 482,7	113,5
Соның ішінде Республикалық бюджеттер	108 558,8	119 973,1	119 513,5	110,1
Жергілікті бюджеттер	4 650,0	4 850,0	5 050,0	108,6
Басқада көздер	4 374,7	6 440,7	8 919,2	2 есе
Ескертпе: дерек көзі 2009-2011жж ҚР агрөнөркәсіптік кешенің тұрақты дамуының кешенді іс-шаралары				

Ал басқа көздерден бөлінетін қаражаттарға келетін болса, олардың көлемі осы есепті кезеңде 2 есеге өскен, бұның себебі бірінші кезекте болашақта ауыл шаруашылығы өндірісі нарығының бәсеке қабілеттілігі артуына сәйкес инвесторлар тартылған (1-сурет).



1-сурет. ҚР АӨК 2007-2012 жж қаржыландыру көлемі

Ескертпе : ҚР Сатистика жинағы 2010ж.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға арналған республикалық бюджеттен шығыстар 2009-2011 жылдары 350 млрд. теңгеге жуықты құрайды. Агроөнеркәсіптік кешенді қолдауға «ҚазАгро» холдингінен қосымша 1 млрд. АҚШ доллары көлемінде қаражат берілетіні шешілді [2]. «ҚазАгро» холдингі 2010 жылы ауыл шаруашылығын дамытуға 250 млрд. теңгеден астам қаржылық қолдауды қамтамасыз етті.

2010 жылғы көктемгі егіс науқаны қарсаңында «ҚазАгро» холдингі 2010 жылға арналған агроөнеркәсіптік кешенінің субъектілерін несиелендіру бағдарламасын жүзеге асыруды жариялаған. Осы бағытта көктемгі егіс жұмыстарын қаржыландыру, ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу бойынша шараларды қаржыландыру, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің айналымдағы қаржыларын толықтыру қарастырылды. Бұл мақсаттарға 80 млрд. теңге қарастырылды. Осы қаржы республикалық бюджеттен «ҚазАгро» холдингімен несие түрінде тартылған.

Қорытындылай келе негізгі Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы өндірісі соңғы жылдары табысты болған, ал қаржыландыру формаларына келетін болсақ негізінен мелекеттік қаражат көздері тартылған, сондықтан да еліміздегі қазіргі дағдарыс кезінде Үкіметпен қаражат бөлініп ауыл шаруашылығы өндірісінің қалыпты дамуына ықпал етті.

Мемлекеттің сенімді аграрлық саясаты мен еліміздегі қаржы жүйесін қолдаудағы Үкімет тарапынан дер кезінде қолға алынған шаралар және ауыл тұрғындарының қажырлы еңбегінің арқасында жоғарыда келтіріліген факторлар өндірістің өркендеуіне кедергі келтірген жоқ. Соңғы мәліметтер бойынша, ауыл шаруашылығы өнімдерінің ішкі жалпы өнімінің өсу көлемі 17% құрады. Өнім өндіру көлемі артты. Негізгі капиталға құйылған инвестиция 21%, ал орташа айлық жалақының мөлшері 21,5% өсті. Осылайша, өткен жылдағы барлық қиындықтарға қарамастан, еліміздегі аграрлық секторда тұрақты даму деңгейі сақталды.

Нарықтық қатынастар жағдайында Қазақстан экономикасын мемлекеттік басқарудың жетілдірілген жүйесінің қызмет етуі үшін шаруашылық аймақтарының ерекшеліктерін ескере отырып экономикалық дамыған елдердің тәжірибесін қолданып нарықтық үлгісін жасау керек. Үлгіні жасаудың жалпы шарттары – бұл өндірістің қаражат

меншігі, бәсекелестік, еркін бағалар және мол табыс алу. Өндірістің кезеңдік сипаты және жоғары қорсыйымдылығы, материалды-техникалық базаның имобильдігі, тұрақты табыс алудағы үнемі тәуекелділік ету; жасалған шығындар мен алынған өнімдер арасындағы уақыттың үлкен қоры және басқа да ерекшеліктер агроөнеркәсіп кешендерін бәсекелестікке қабілетсіз етеді. Осындай жағдайлар мемлекет тарапынан араласу мен қолдауды қажет етеді.

Әдебиеттер

1 2009-2011жж ҚР агроөнеркәсіптік кешенің тұрақты дамуының кешенді іс-шаралары.

2 «ҚазАгро» Ұлттық холдингі мәліметтері. - Астана, 2011.

ПРОБЛЕМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ФИНАНСОВОЙ УСТОЙЧИВОСТИ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА.

М.К. Камысбаев

В статье рассмотрены проблемы обеспечения финансовой устойчивости агропромышленного комплекса. Разработаны предложения по финансовой поддержке агропромышленного комплекса.

PROBLEMS OF ENSURING FINANCIAL STABILITY OF AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX

М.К. Kamysbayev

In article problems of ensuring financial stability of agro-industrial complex are considered. Offers on financial support of agro-industrial complex are developed.

УДК 631.86.14

Р. Культемиров

Казахский национальный аграрный университет

КАДАСТРОВАЯ ОЦЕНКА ЗЕМЕЛЬ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация В период перехода к рыночной экономике в Республике Казахстан идут преобразования во всех сферах деятельности. Наряду с этим возникла необходимость осуществления политики платного землепользования. Каждый земельный участок, как объект собственности или землепользования, является объектом недвижимости, соответственно должен иметь свою стоимость. Если в условиях социализма земля была нефинансовым материальным ресурсом, то в условиях рынка она становится сугубо экономической категорией.

Ключевые слова: кадастр, Республика Казахстан, земельный кодекс, стоимость земли, нормативные показатели.